

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Учитывая вышеизложенное, важно разрабатывать гибкие экономические стратегии и меры государственной поддержки, направленные на смягчение негативных последствий колебаний мировых цен на цветные металлы для экономики Республики Казахстан. Нужно перечислить меры, можно системно предварительно сгруппировав, например правовые, экономические и т. д. Это также подчеркивает необходимость диверсификации экономики для снижения зависимости от отдельных секторов и рынков, а также развитие механизмов управления рисками и обеспечения финансовой устойчивости национальной экономики.

Список использованных источников

1. Указ Президента Республики Казахстан от 1 августа 2014 года № 874 «Государственная программа индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2015–2019 годы»
2. Официальный сайт Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан <https://stat.gov.kz/>
3. Лондонская биржа цветных металлов <https://www.lme.com/>
4. Материалы Международного горнометаллургического конгресса Astana Mining & Metallurgy (АММ) [Электронный ресурс] // Казахстан, 2008.
5. Metallургическая отрасль “Kaznex invest” [Электронный ресурс] // АО Национальное агентство по экспорту и инвестициям.

ӘОЖ 338

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МҰНАЙ-ГАЗ СЕКТОРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Ергалиева Рабига Сагынғалиевна

twinkle0797@mail.ru

Экономика факультетінің 1 курс магистранты Л.Н.Гумилев атындағы ЕУҰ
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Егембердиева С.М.

Қазақстан экономикасы үшін отын-энергетика кешенінің маңызы зор. Қазақстана Республикасы көмірсутектердің стратегиялық қорлары бар мемлекеттер тобына жатады және әлемдік мұнай нарығын қалыптастыруға өте үлкен үлесін қосуда. Мұнай-газ секторын дамытудың практикалық аспектілерін зерттеуге елеулі үлес қосқан ғалымдар: И.Т. Балабанов, А.И. Ильин, Т.Б. Баяхметов, У.Б. Баймұратов, Е.С. Карибджанов, Егоров О.И., Шалболова У.Ж. және т.б.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдар ішінде мұнай-газ саласы өсіп, нығайып, жетекші орынға ие болды. Тауарлы өндіріс көлемі бойынша мемлекеттегі мұнай-газ кешені басқа салалардың арасында басым салалардың бірі болып табылады. Мұнай өндіру деңгейі теориялық тұрғыдан мемлекеттің қажеттіліктерін толық қанағаттандырады. Алайда, негізгі өндірістік аудандардың мұнай және мұнай өнімдерін тұтыну аймақтарынан шалғай орналасуы экономиканың көмірсутегі ресурстарымен өзін-өзі қамтамасыз етуінде елеулі проблемалар туғызады. Қазақстандық құбыр консорциумының (бұдан әрі – ҚҚК) іске қосылуымен ғана Ресей аумағы арқылы қазақ мұнайының әлемдік нарыққа бірінші шығуы жүзеге асырылды [1].

Көмірсутектердің айтарлықтай қорына ие болған Қазақстан (әлемдік қордың шамамен 3%), Таяу Шығыс елдерімен, Ресеймен, Венесуэламен, Қытаймен, Норвегиямен, Канадамен, Ұлыбританиямен, Индонезиямен және Бразилиямен бірге осы шикізатты өндіретін әлемдегі жетекші 15 елдің бірі болып табылады. Мысалға, Қашаған (әлемде 9-орын) – Қазақстандағы ірі мұнай-газ кен орны. Мұнайдың жалпы қоры 38 млрд. баррельді құрайды [2].

Қазақстан Теңіз кен орнын игеру жылдарында 132 миллиард доллар табыс тапты. Теңіз кен орнының жалпы барланған қоры 3,1 млрд.тоннаға бағаланады немесе 26 млрд.баррель.

Қарашығанақ кен орнында 1,2 млрд.тонна мұнай мен конденсат және т.б 1,35 триллион текше метрден астам газ. Қазақстан Республикасының мұнай-газ өнеркәсібі экономиканың негізгі салаларының бірі болып табылады. Жыл сайынғы өсумен қатар, осы саладағы белсенді өсудің ағымдағы үрдісі мұнай өндіру Қазақстанның шетелдік инвестиция үшін тартымдылығын арттыруға ықпал етеді. Сондықтан да, елдің мұнай-газ саласына инвестиция тарту көбінесе өсімге байланысты болады. Қолайлы инвестициялық ахуалдың арқасында Қазақстан шетелдік инвестициялар үшін әрқашан ашық, бұл жаңа мұнай және газ кен орындарын игеру және іске қосу үдерісін айтарлықтай жылдамдатады. Осы қарқынды дамуда: АҚ «Разведка Добыча «КазМунайГаз», АҚ «Мангистаумунайгаз», АҚ «Каражанбасмунай», АҚ «ПетроКазахстан Кумколь Ресорсиз», АҚ «СНПС-Актобемунайгаз», ЖШС «Жаикмунай», ЖШС «Тенгизшевройл» секілді компанияларды атап өтуге болады.

Қазақстан кедендік одақ пен ЕАЭО-ға кіргеннен бастап мұнай-газ секторының мәселелері бойынша сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы бірқатар келісімдерді ратификациялады. Бұл үдерістердің жалпы мақсаты, қоршаған ортаны басқару және болашақтың табиғи ресурстарына тең қол жеткізу, адамдардың ұрпақтары, халықтың өмір сүру сапасы мен денсаулығын жақсарту. Бұл жер қойнауын пайдалану саласындағы құқықтық қатынастар субъектілерінің міндеттерін заңнамалық түрде реттеуге тиіс деп айтуға мүмкіндік береді [3].

Қазақстан ТМД елдері арасында мұнай өндіруден Ресейден кейін екінші орында тұр. Бүгінде Қазақстан мұнай өндіруден әлемде 12-ші орында. Қазақстанның жылдық мұнай өндіру көлемін айтарлықтай арттыруға арналған ағымдағы жобалар іске асырылып жатқан ірі жобалар: Қарашығанақ, Теңіз және басқа да Каспий теңізінің қазақстандық секторының қайнарын зерттеуге бағытталған.

Табиғи газ өндіру бойынша Қазақстан ТМД елдері арасында алдыңғы қатарда. Соңғы 5 жылда Қазақстан Республикасында мұнай өндіру шамамен 80,2 млн. тоннаны құрады. 2023 жылы ол тұрақты болып тіркелді, бар болғаны 1%, 22-ден 21 млн. тоннаға дейін төмендеді.

Қазақстандағы мұнай өңдеу зауыттарында автобензин, дизельдік отын және авиакеросин өндірісінің көлемі жеткіліксіз. Ішкі нарықтың сұранысын қанағаттандыру мақсатында тапшылық негізінен Ресейден мұнай өнімдерін импорттау есебінен жабылады. Қазақстандағы мұнай және мұнай өнімдері нарығын мемлекеттік реттеу жүйесі Қазақстан Республикасында өндірілген мұнайды ішкі нарыққа жеткізудің тиімсіздігіне әкеледі. Бұл жүйені реформаламаса, өңдеу көлемі де артуы мүмкін. Қазақстан Республикасының жаңғыртылған мұнай өңдеу зауыттарындағы мұнай көлемі олардың қуаттылығынан әлдеқайда аз болады.

2019–2023 жылдары мемлекеттік шараларды қамтамасыз ету жоспарланған. Мұнай өндіру және өңдеу бойынша ұлттық кластерді қолдауға бағытталған қолдау. Оның ішінде Атырау мұнай өңдеу зауытын реконструкциялау және жаңғырту атап өтуге болады. Бұл жобаның әсері мұнай өңдеу тереңдігін 57,6-дан 84%-ға дейін, зауыттың қуаттылығын жылына 5-тен 5,5 млн. тоннаға дейін, ашық түсті мұнай өнімдерінің шығымдылығын 45,3-тен 77%-ға дейін ұлғайту, сондай-ақ мұнай өңдеу тереңдігін қамтамасыз ету түрінде жоспарланған болатын.

Осының нәтижесінде өңдеудің бірталай мәселелерін атап өтуге болады:

1. нарықтың қатысушыларында мұнай базалары болмауы;
2. мұнай базаларының құрылыстарының қымбатқа түсетіні;
3. арнайы рұқсатнамалардың қажеттілігі;
4. арнайы жабдықтарының қажеттілігі;
5. импортқа тыйым салынуы;
6. техникалық қызмет көрсету және пайдалану шығындарының жоғары деңгейі.

2018-2022 жылдары Павлодар мен Шымкент мұнай өңдеу зауыттарының модернизациясы мен реконструкциясы осы бағдарламамен жасалынды. Негізгі шығындар геологиялық барлау тиімділігін арттыру, мұнай мен газды тасымалдау жүйесі мен технологиясын жетілдірумен байланысты.

2023 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Қазақстанда 250-ден астам мұнай және газ кен орындары бар, барлығы мұнай қорының көлемі шамамен 30,0 млрд баррель немесе әлемдік мұнай қорының 1,7% құрайды. Салыстырмалы талдау бойынша еліміз дүние жүзінде он екінші орында, Таяу Шығыс елдерінен кейін, латын Америка, сондай-ақ, Ресей мен АҚШ.

Соңғы жылдардағы мұнай-газ саласындағы ең маңызды жобалар:

- Батыс Қазақстан облысында «Рожковское» кен орны;
- АҚ «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру»;
- Жарқұм кен орнының «ҚазТрансГаз» АҚ тәжірибелік-өнеркәсібі Жамбыл облысын 30 жылға жуық газбен қамтамасыз ете алады, бұл оңтүстіктің тәуелділігін одан әрі азайтады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі статистикасына сүйенсек мұнай және табиғи ресурстарды өндіруші кәсіпорындардың саны 2020-2022 жылдары өсті және 2023 жылдың 1 қаңтарында 104 кәсіпорынды құрады. Елімізде шикі мұнай өндіру 2023 жылдың қорытындысы бойынша ақшалай түрде 12,2 трлн теңге, 2022 жылы 9,2 трлн теңге, 2021 жылы 7,3 трлн теңге. Табиғи газ өндіру 2023 жылы ақшалай түрде 202,7 млрд теңгені құрады, 2022 жылы жылы 194,8 млрд теңге және 2021 жылы 116,8 млрд теңге.

2023 жылы мұнай өндіру 85,9 миллион тоннаны құрады (ішкі тұтыну – 23%, газ өндіру – 54,2 текше метр м (61%). Соңғы 30 жылда Қазақстан мұнай өндіруден 3,5 есеге өсті, 2022 жылда әлем бойынша 13 орында (2% әлемдік өндірісте). Өндірістің сенімді және тұрақты дамуы еліміздің экспорт бойынша 10 елдің қатарына қосылуына үлесін қосты.

2021 жылда COVID-19 пандемиясынан экономикалық белсенділіктің қалпына келуіне байланысты Brent маркалы мұнай бағасы 2022 жылы рекордтық деңгейге дейін күрт өсті. АҚШ-тың энергетикалық ақпарат басқармасының болжамы бойынша, мұнайдың орташа бағасы 2022 жылы барреліне 105 доллар, 2023 жылы 95 доллар болды [4].

2022 жылы мұнай өндіру көлемі шамамен 87 млн тоннаға келді. Еліміздің энергетикалық министрлігінің айтуынша 2023 жылдары 90-ға млн. тонна мұнай-газ өңдеулері жүзеге асса, ағымдағы жылда 90-нан астам тоннаға жоспарланып тұр [5].

Басқару тетіктерін жетілдіру және мұнай өндірудің тиімділігін арттыру жөніндегі мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі - ҒЗТКЖ-ны (Ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстар) ұйымдастыру және қаржыландыру болып табылады.

ҒЗТКЖ ұйымдастыру келесі кезеңдерге бөлінуі қажет:

- іргелі зерттеулер (теориялық және ізденіс);
- қолданбалы зерттеулер;
- дамыту жұмыстары;
- тәжірибелік немесе тәжірибелік жұмыс.

Қазіргі кезде мұнай-газ саласындағы кәсіпорындардың көпшілігінің басқару әдістері мен ұйымдық құрылымы айтарлықтай өзгеріссіз және нарықтық экономиканың шарттарына сәйкес келмейді. Бәсекелестіктің өсуі және тәуекелдердің артуы мұнай-газ компанияларының тиімділігін арттыру үшін жаңа тиімді құралдарды таңдау қажеттілігін талап етеді.

Мұнай-газ кәсіпорындары салық түсімдерінің негізгі көзін қалыптастыру есебінен халық шаруашылығының дамуына айтарлықтай әсер етеді, сондықтан да, мұнай-газ өнеркәсібі кәсіпорындарының жұмыс жағдайлары шешілуі, табиғи сарқылуына байланысты жаңа кен орындарын барлау және игерілуі деп айтуға болады. Ұлттық экономикаға оң әсер етумен қатар, мұнай-газ өнеркәсібі кәсіпорындарының қызметі де теріс әсер етеді, ол «Голланд ауруы» нысаны және ұйымдасқан экономикалық қылмыстың өсуі.

Сондықтан да, диверсификацияны ынталандыруға және өңдеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған бағдарламалар қажет. Өртүрлі химиялық өнімдерге арналған материал, соның ішінде фармацевтика, тыңайтқыштар, еріткіштер мен пластмассалар мұнайдың негізгі материалдары болып табылады. Сондықтан мұнай көптеген салалардың құрамдас бөлігі болып, көптеген елдер үшін олардың салаларының тірегі ретінде өте маңызды [6, 7].

Қорыта келгенде, еліміздің мұнай-газ саласындағы мәселелерінің ішінде негізгілерін атап өткен жөн:

- еліміздегі мұнай ресурстарын жалпы өндіру көлемінің қысқаруы;
- газ және мұнай жеткізілімдерін диверсификациясының тиімсіздігі;
- өнеркәсіптік кәсіпорындар мен халықтың табиғи газды тұтынуының үлкен көлемі;
- монополиялық компанияларға тәуелділік.

Осы тұрғыдан, мұнай-газ саласындағы мәселелерді шешу үшін инновациялық жобаларды жүзеге асыру, инвестициялық ынталандыру, мұнай мен газды орталықтандыруға мақсатталған қазіргі кезеңге сай болатын орталықтарды құрастыру, мұнай мен газ сөре шөгінділерін дамыту, экономиканың саласындағы әр түрлі энергетикалық ресурстарды қолдану болып табылады. Ал бұл кезекте, инновациялық дамудың негізгі бағыттарына жұмыстың өсуі мен оның тиімділігі, мұнай мен газ өндіру жерлеріне жаңа технологияларды еңгізу және осыларды тиімді пайдалану жатады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бекбергенова Ж.Т. Развитие нефтегазовой отрасли Республики Казахстан // АқтГУ им. Есенова. http://www.rusnauka.com/14_APSN_2008/Economics/32274.doc.htm [Электрондық ресурс].
2. Карабалин У. Нефтегазовая отрасль Казахстана: реалии и перспективы [Электрондық ресурс]. <http://federalbook.ru/files/ТЕК/Soderzhanie/Tom%2014/V/Karabalin.pdf>
3. Клименко А. Нефтегазовая отрасль Республики Казахстан: цифры и факты. URL: <http://www.zakon.kz/62664-neftegazovaja-otrasl-respubliki.html> [Электрондық ресурс].
4. <https://jusanalytics.kz/wp-content/uploads/2022/08/obzor-neftegazovoj-otrasli-rk.pdf>
5. Статистический обзор мировой энергетики 2023 на сайте www.bp.com
6. Мырзағалиева А.М. Современная нефтяная отрасль Республики Казахстан // Казахстанская правда. –2019.
7. Молдашева А.К. Экономика предприятий нефтяной и газовой промышленности. – Алматы: Лем, 2022. - 358с.

УДК 338.012

ИННОВАЦИОННАЯ АКТИВНОСТЬ КАК УСЛОВИЕ ЭФФЕКТИВНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО ПОТЕНЦИАЛА ЧЕЛОВЕКА

Икапова Индира

ДВА, КазГЮУ им.М.Нарикпаева

Майдырова Айгуль Болатовна

заведующий кафедрой «Экономика и предпринимательство» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева
Астана, Казахстан

Современные реалии развития Казахстана определяют необходимость комплексных исследований по разным направлениям развития. Одной из таких актуальных тем, является проблема формирования и развития инновационной экономики, вследствие чего появляется необходимость подготовки интеллектуальной нации, имеющей высокий уровень интеллектуального потенциала. Это достаточно сложный вопрос и его решение затрагивает разные направления, такие как формирование интеллектуального общества в Казахстане, приумножение народного интеллектуального потенциала и т.д.

Президент Республики Казахстан Н.Назарбаев, в своем Послании народу Казахстана, от 5 октября 2018 г., отметил следующие приоритеты: «особое внимание следует уделять развитию инновационных и сервисных секторов, в течение 5 лет необходимо довести расходы на образование, науку и здравоохранение из всех источников до 10% от ВВП» [1]. Следовательно, эти послы приведут к необходимости формирования интеллектуального потенциала предприятий, позволит избежать технологическую пропасть, безнадежное отставание от конкурентов и роста зависимости. Тем более, что имеется благоприятный